

Ақтөбе қаласы №34 орта мектебі

**Әлеуметтік педагогтің
2024-2025 оқу жылы бойынша
жүргізген жұмыстарының
талдауы**

2024-2025 оқу жылы

**Әлеуметтік педагогтің 2024-2025 оқу жылы бойынша
жүргізген жұмыстарының талдауы**

2024-2025 оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

- I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу*
- II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы*
- III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс*
- IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы*
- V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс*
- VI. Диагностикалау-талдау қызметі*

I.Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы

Тамыз-қыркүйек айларында класс жетекшілермен біріге отырып, мектебімізде оқитын оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттелініп, әр кластың әлеуметтік паспорты дайындалды.

Оқу жылының басында атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларының саны - 11; АӘК алмайтын, күнкөрісі төмен отбасы балалары- 2; алқалы басқару органның шешімімен көмекке ілінген оқушылар саны -21; мүмкіндігі шектеулі тобындағы оқушылар саны – 6, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың 3-і инклюзивті білім алады, олар 7 «Ә» класс оқушысы Аманкелді Нұрасыл, 8 «А» класс оқушысы Амангельдин Илияс, 6 «А» класс оқушысы Амангельдина Айша. Өгей ата-анамен тұрып жатқан оқушылар саны - 6. Мектеп психологы, класс жетекшілермен бірлесіп, аталған санаттағы отбасының материалдық-тұрмыстық ахуалдары зерделенді.

№	Әлеуметтік санаттар	саны
	Барлық оқушылар саны	514
	Отбасы түрі, бала саны бойынша:	360
1.	Толық отбасылар	296
	Бала саны	429
2.	Толық емес отбасылар	64
	Бала саны	85
3.	Анасы жоқ балалар	4
4.	Әкесі жоқ балалар	80
5.	Көп балалы отбасы	57
	Бала саны	131
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	19
	Бала саны	35
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	6
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	1
	Ата-аналарының білімі:	656
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	235
2.	Техникалық және кәсіптік	261
3.	Орта	160

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау

бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы балалары мен мүгедек тобындағы оқушыларға материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылатын республикалық «Мектепке жол» акциясының іс-шаралар жоспары құрылды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар тізімі анықталды. Акция барысында «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын басшылыққа ала отырып **мектебіміздің 34 оқушысына** атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға **қаржылай көмек** көрсетілді. Аталған білім алушылардың әрқайсысына бөлінетін қаражат көлемі қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңнамаға сәйкес ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде, яғни **43407 (қырық үш мың төрт жүз жеті) теңге** төленді.

Қалалық білім беру мекемесінің ұйымдастыруымен көп балалы ата-ана Байменова Нұргүлге "Dos_wear.kz dos_kids.kz" дүкенінде сауда жасауға **43407 (қырық үш мың төрт жүз жеті) теңгелік** 3 сертификат тапсырылды.

Сондай-ақ, мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына қолдау, демеушілік көрсету үшін түрлі мекемелерге сұраныс хаттар жолданды. **Ақтөбе облыстық орталық "Нұр Ғасыр"** мешіті мектептен жолданған сұраныс-хатты қанағаттандырып, 5 оқушыға оқу сөмкесі мен оқу құралдарын тарту етті.

Мектеп ұжымы **1-класс табалдырығын** аттағалы отырған көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына оқу құралдары мен оқу сөмкесін тарту еті.

Мектеп түлегі, **жеке кәсіпкер Құдайберген Орал Болатұлы** биылғы оқу жылында да 10 көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына өз қолдауын білдіріп, ата-аналар есепшотына 20000 теңгеден қаржы аударды. Ата-аналар "Балалар әлемі" дүкенінен оқуға қажетті киім-кешек, оқу құралдарын сатып алды.

"Мектепке жол" республикалық акция аясында **"Жүректен жүрекке"** қайырымдылық бағыттағы еріктілер тобының ұйымдастыруымен **"The jigits" шаштаразы** мектебіміздің 10 көп балалы отбасы балаларына тегін қызмет жасады.

Акцияға қатысып, балалардың мектепке дайындығына үлес қосып, демеушілік жасаған ұжымына ризашылығымызды білдіріп, "Мектепке жол" республикалық акциясының өтілу барысы мектеп инстаграмына уақытылы жарияланды.

Жаңа жыл қарсаңында мектептің аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары мен мүгедек оқушыларға жаңа жылдық шырша ұйымдастырылып, мектеп түлегі, жеке кәсіпкер **Құдайберген Орал Болатұлының** демеушілігімен сыйлықтар таратылды.

Сондай-ақ, облыстық білім басқармасының атынан өтілген шыршаға көп балалы, аз қамтылған, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары - 6 "Ә" класс оқушысы Аманкелді Ерқанат, 8 "Б" класс оқушысы Қалдыбек Дәнекер, 7 "Ә" класс оқушысы Альменова Құндызай, 7 "А" класс оқушысы Жарасқызы Шырынқұл қатысса, Астана ауданы әкімдігінің шыршасын 1 "Ә" класс оқушысы Амангельды Идрис, 3 "Ә" класс оқушысы Боранбаева Айару, 4 "Ә" класс оқушысы Әділбек Ұлан тамашалады.

Тамақтануды ұйымдастыру

Оқу жылының басында ыстық тамақты ұйымдастыру жұмыс жоспары, асханадан тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты қызметкерлер бекітілді. Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, мониторинг жүргізетін **бракераж комиссиясының** құрамы бекітілді. Бракераждық комиссия мүшелері жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясын, мәзірдің дұрыс жасалуын, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуын қадағалап, мониторинг жүргізіп отырады. Оқушыларды

ыстық тамақпен қамтамасыз етуді бақылау үшін ай сайын асхана жұмысына тексеру жүргізіп, тексеру нәтижесінде акт толтырады.

Ыстық тамақ Ақтөбе облысындағы жалпы білім беретін мектептердің тамағын ұйымдастыру бойынша жұмыс тобының хаттамасы бойынша білім басқармасы басшысы 05.01.2024ж.бекіткен, Ақтөбе облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларына тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 2 апталық ас мәзіріне сәйкес дайындалады. Ас мәзірі бойынша бекітілген баға 603 теңге.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін жекелеген санаттағы оқушылар ҚР Үкіметінің 64 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына (2023.28.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес мектеп асханасынан тегін тамақтануға 17 оқушының ата-аналарынан өтініштер қабылданып, тиісті құжаттар жинақталды. Жекелеген санаттағы оқушылардың ішінде 5 оқушы ата-анасы атаулы әлеуметтік көмек алады, 1 оқушы- күнкөрісі төмен, 11 оқушы алқалық комиссия шешімімен есепке алынған.

Оқушылардың күнделікті тамақтануын бақылау үшін "Алақан Мектеп" жүйесі арқылы оқушылардың алақаны туралы биометриялық ақпарат базаға енгізілді.

Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру жоспарына сәйкес төмендегідей іс-шаралар өтілді. 5-6 класс оқушылары арасында «Ас-адамның арқауы» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар салған суреттері арқылы адам ағзасына дұрыс тамақтанудың пайдасы жөнінде, дәрумендер көзі - көкөністер мен жеміс-жидектер туралы қызықты ақпараттар бере білді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша 1-4 кластарда «Денсаулық-бақытым, байлығым» тақырыбында класс сағаттары өтілді. 1-11 кластар арасында «Тәттілер жәрмеңкесі» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, түскен қаражатқа көп балалы аз қамтылған 3 отбасыға азық-түлік жөнінен көмек көрсетілді. Желтоқсанда тамақтануды ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде ата-аналардың басым көпшілігі сауалнама бойынша мектептегі тамақтану сапасына, мектеп асханасының жұмысына жақсы баға берді; асхананың санитарлық жағдайын «жақсы» деп санайды.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей: мектепшілік есепте тұрғандар – 1, тәуекел топтағы оқушылар – 0, аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0. Есепте тұрған оқушының үй-тұрмыс жағдайлары зерделеніп, ата-анасына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

“Заң мен тәртіп” аясында “Тәртіпті өзіңнен баста” тақырыбында ІІБ Астана ауданы ҚІБ ПҚБ ҚТІЖ УПИ полиция капитаны Ф.Е.Бакитжанова және криминалдық полиция бөлімшесінің мамандары тәртіп бұзушылықтың алдын-алу шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы

Мектептің педагогикалық кеңесінде, директор жанындағы кеңестерде, өндірістік жиналыстарда әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тамақтандыру, жазғы лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың жазғы лагерьлерге қатысымы туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Өгей ата-анамен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр. Ата-аналарға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала

тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Токсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды. Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас», «Мен және менің жанұям» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды. Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Алдағы оқу жылының міндеттері

Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылы бойынша жүргізілген жұмысын қанағаттанарлық деп есептеп, келесі оқу жылына мынадай **міндеттер** алға қойылады:

- Әр тұлғаның психология-медиико-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу - анықтау, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау.
- Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер ету
- Сынып жетекшілерге ата-анамен дұрыс-қарым-қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;
- Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Әлеуметтік қатерлі отбасыларды анықтау.

Мектеп директоры



Айзакова А.Ж.

Әлеуметтік педагогтар

Азаматова Г.К.
Жасаганбергенова А.Ж.